

2-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін пайдаланылатын терминдердің мынадай
мағынасы болады:

"транзит" - оған сәйкес тауарлар Тарап мемлекетінің аумағы арқылы кедендік
бақылаумен өткізілетін кедендік режим/кедендік рәсім;

"кедендік сәйкестендіру құралдары" - пломбалар, мөрлер, сандық, әріптік таңбалау,
мөртаңбалар, сынамалар мен үлгілерді алу, тауарлар мен көлік құралдарын сипаттау,
сондай-ақ кеден органдары Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес транзиттік
тауарларды сәйкестендіру үшін қолданатын өзге де құралдар.

3-бап

Транзит кезінде тауарлар:

қалыпты тасымалдау және сақтау жағдайларында табиғи тозудың не кемудің
салдарынан өзгергеннен басқа, өзгермеген күйінде қалуы;

транзиттен басқа, қандай да бір өзге мақсаттарда пайдаланылмауы;

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары белгілеген мерзімде және орындарға
жеткізілуі тиіс.

Тауарлардың транзиті кезінде оларды басқа көлік құралдарына, оның ішінде
тауарлар легін бөлшектей отырып, қайта тиеу Тараптар мемлекеттерінің кеден
органдары айқындайтын орындарда жүргізіледі.

4-бап

Транзит еркіндігінің қағидатын сақтау мақсатында Тараптар мыналарды белгілейді:

әрбір Тарап мемлекетінің аумағы арқылы транзит халықаралық тасымалдарға
арналған, тасымалдаушы үшін барынша ыңғайлы жолдар бойынша жүзеге асырылады;

транзитпен өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары негізсіз ұсталмауы тиіс;

транзитке байланысты барлық кедендік рәсімдер мен ресмиліктерді Тараптар
кемсітпеушілік негізде қолданады.

Тараптар транзитті пайдалану олардың ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық мораль, құқық
тәртібі, азаматтардың өмірін немесе денсаулығын, қоршаған ортаны қорғау
саласындағы мүдделерін бұзбауы үшін шаралар қолдануға, оның ішінде жекелеген
тауарларды әкелу/әкету орындарын шектеуге құқылы.

5-бап

Тауарлардың транзиті кезінде Тараптар:

тауарларды кедендік баждар, салықтар салудан босатады;

тауарларды кедендік ресімдегені үшін алынатын кедендік алымдардың көлемін
кеден органдары көрсеткен қызметтердің шамалас құнымен шектейді;

Тараптар ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық мораль, құқық тәртібін қорғау,
азаматтардың өмірін немесе денсаулығын, қоршаған ортаны қорғау мүддесінде Тарап
мемлекеті уәкілетті органдарының рұқсаттары бойынша тауарлардың транзитіне
рұқсат беретін не тауарлар транзитіне тыйым салатын жағдайларды қоспағанда,

экономикалық сипаттағы тыйым салулар мен шектеулерді қолданбайды;
мүдделі тұлғаға Тарап мемлекетінің кеден қызметі үшін қолайлы кеден заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың бірін таңдауға рұқсат береді;
кедендік сәйкестендіру құралдарын өзара таниды.

6-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің аумақтары арқылы тауарлардың кедергісіз транзитіне ықпал етеді, атап айтқанда:

транзит үшін қажетті құжаттар және/немесе мәліметтер санын қысқарту;
кедендік және өзге ресмиліктерді оңайлату және біріздендіру, олардан өту уақытын қысқарту;

транзитті қиындататын факторларды бірлесіп жою жөнінде шаралар қабылдайды.

7-бап

Транзит кезіндегі кедендік ресмиліктерді, тауарларды кедендік ресімдеудің бірыңғай тәртібін пайдалану мүмкіндігін біріздендіру мақсатында Тараптар Бірыңғай транзиттік рәсімді әзірлеуге кіріседі, оның негізі мынадай қағидаттардан тұрады:

бірыңғай транзиттік құжаттарды пайдалану;
кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесін (кепілдік жүйесі) қолдану;

тауарлар транзитін кедендік ресімдеу және кедендік бақылау кезінде ақпараттық технологияларды қолдану.

Бірыңғай транзиттік рәсімді әзірлеу кезеңдері және енгізу тәртібі жеке хаттамамен айқындалатын болады.

8-бап

Тараптар дипломатиялық арналар арқылы:

Тараптар мемлекеттері уәкілетті органдарының рұқсаттары негізінде транзитке рұқсат етілетін тауарлардың тізбесімен;

транзитке және/немесе әкелуге тыйым салынған тауарлардың тізбесімен;

Тараптар мемлекеттерінің шекарасы арқылы өткізу пункттерінің немесе олар арқылы Тарап мемлекетінің аумағына/аумағынан жекелеген тауарларды әкелуге/әкетуге рұқсат етілетін әкелу/әкету орындарының тізбесімен;

кедендік сәйкестендіру құралдарының қолда бар үлгілерімен және/немесе сипаттамасымен алмасады.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Келісімге келмеген жағдайда Тараптардың кез келгені дауды Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберінде дауларды шешу жөніндегі органның шешуіне бере алады.

10-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11-бап

Кез келген мемлекет осы Келісімнің қатысушысы бола алады. Осы Келісімге қосылу шарттары осы Келісімге қатысушы мемлекеттер мен қосылатын мемлекет арасында жасалатын халықаралық шартта айқындалады.

12-бап

Осы Келісімге ескертпелерге жол берілмейді.

13-бап

Осы Келісімнің күшіне ену және одан шығу тәртібі Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық шарттардың күшіне ену және одан шығу тәртібі туралы х а т т а м а м е н а н ы қ т а л а д ы .

200__ жылғы "___" _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Депозитарийде сақталады. Депозитарийдің функциялары Біртұтас экономикалық кеңістіктің Комиссиясына берілгенге дейін Қазақстан Республикасы осы Келісімнің Депозитарийі болып табылады.

Депозитарий осы Келісімге қол қойған Тараптардың әрқайсысына оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Б е л а р у с ь</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Р е с е й</i>	<i>Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
<i>Кабинеті үшін</i>	<i>У к р а и н а</i>	<i>М и н и с т р л е р</i>